

## Сауда ережелерін бұзғаны және тұтынушылардың хұқықтарына қысым жасағаны үшін жауапкершілікті күшейту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 25 ақпан 1993 ж. N 152. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 тамыздағы № 821 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010.08.18 № 821 Қаулысымен.**

Сауда қызметін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер мен адамдардың тиісті сападағы тауарларды өткізу үшін жауапкершілігін көтеру мақсатында және "Тұтынушылардың хұқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті

қ а у л ы е т е д і :

1. Былай деп белгіленсін:

ведомстволық бағынысы мен меншік нысандарына қарамастан Қазақстан Республикасының аумағындағы бөлшек сауда желісінде және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында тауарларды сату тек қолданылып жүрген заңдарға сәйкес берілетін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер негізінде жүзеге асырылады.

Соның өзінде сауда орындарын орналастыру, азық-түлік тауарларын өткізудің шарттары Мемлекеттік санитарлық қадағалау аумақтық органдарымен, ал алкогольді ішімдіктерді сатқан кезде - маскүнемдікке және алкоголизмге қарсы күрес жөніндегі жергілікті комиссиялармен міндетті түрде келісуге жатады;

кооперативтер, шағын және жеке кәсіпорындар дайындаған және сатып алған, сондай-ақ жеке еңбек қызметімен шұғылданатын адамдар мен басқа да арналардан сауда желісіне және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына өткізу үшін түскен өнімнің белгіленген тәртіп бойынша тіркелген қызмет орны берген сәйкестік сертификаты не оның стандарттардың немесе белгіленген басқа да нормативті құжаттаманың талаптарына сәйкестігін куәлендіретін құжаты болуға тиіс;

тауарлардың кепілді мерзімдеріне, жарамдылық мерзімдеріне, оларды айырбастау, қайтару тәртібіне, сондай-ақ мемлекеттік сауда кәсіпорындарына белгіленген, тиісті сапаға жатпайтын өнімді өткізу үшін мүліктік жауапкершілікке қатысты талаптарды Қазақстан Республикасының аумағындағы

мемлекеттік емес құрылымдардың барлық сауда желісі сақтауға міндетті.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің 1994.05.17 N 529 қаулысымен; 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.07.09. N 651 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі "Тұтынушылардың хұқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, сондай-ақ осы қаулының талаптары ескере отырып, сауда ережелері мен қоғамдық тамақтану өнімдерінің нормативті-техникалық құжаттамасын қайта қарап, бекітетін болсын

Аталған министрлік бекіткен сауда ережелері мен қоғамдық тамақтану өнімдерінің нормативті-техникалық құжаттамасын Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық кәсіпорындар ведомстволық иелігі мен меншік нысандарына қарамастан сақтауға міндетті деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының аумағында сауда қызметі мен қоғамдық тамақтандыруды жүзеге асыратын барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің сауда ережелерін және осы қаулыда көзделген талаптарды сақтауына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Мемсаудаинспекциясы мен Мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарына жүктелсін.

4. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері коммерциялық құрылымдарға жататын сауданың жай-күйін және жекеше дүкендердің, ұсақ бөлшек сауда желісі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының жұмысын бақылауды күшейтсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*